

Облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығарылымының проспектісі

1. Осы облигациялар шығарылымы «Альфа-Банк» Еншілес Банк Акционерлік Қоғамы облигациялық бағдарлама проспектісіне сәйкес жүзеге асырылады.

2. **Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер:**

Облигациялық бағдарлама проспектісінің мемлекеттік тіркелген күні – 20 ақпан 2008 жыл;

Шығарылым шеңберінде жүзеге асырылатын облигациялық бағдарламаның ақшалай көлемі – 12 000 000 000 (он екі миллиард) теңге;

Облигациялар шығарылымының реттік нөмірі – екінші;

Облигациялардың бұрынғы шығарылымдар туралы мәліметтер (С 98-1 бірінші шығарылымы):

Бірінші облигациялық бағдарлама шеңберінде облигациялардың бірінші шығарылымын тіркеу күні: 20 ақпан 2008 жыл

Номиналдық құны бойынша шығарылым көлемі: 3 000 000 000 (үш миллиард) теңге

Облигация саны: 300 000 (үш жүз мың) дана

Орналастырылған облигациялар саны: 127 849 (жүз жиырма жеті мың сегіз жүз қырық тоғыз) дана бұрынғы шығарылған облигацияларға ұсынылатын құқықтар:

- 1) Шығарылым проспектісінде қарастырылған мерзімде номиналдық құнды алуға арналған құқық
- 2) Шығарылым проспектісінде қарастырылған мерзімде сыйақыны алуға арналған құқық
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіппен ақпарат алуға арналған құқық
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдай мен тәртіпте өзінің талабын қанағаттандыруға арналған құқық
- 5) Облигацияларды еркін иесіздендіру және өзге өзге әдіспен басқару құқығы;
- 6) Облигацияға меншік құқығынан шығатын өзге де құқықтар.

Ковенантты бұзғанда іске асырылған ұстаушылар құқықтары: ковенант облигациялары шығарылымының проспектісіне және ковенантты бұзушылыққа қосымша құқықтар қарастырылмаған.

3. **Шығарылым құрылымы:**

Облигация шығарылымының (серия) нөмірі: 2008 жылғы 20 ақпанда С98 нөмірімен тіркелген бірінші облигациялық бағдарлама шеңберіндегі облигациялардың екінші шығарылымы (серия).

Облигациялардың түрі: Купондық, қамтамасыз етусіз, айналысқа түспеген, индекстелмеген

Облигациялардың саны, дана: 4 500 000 (төрт миллион бес жүз мың)

Бір облигацияның номиналдық құны, теңгемен: 1 000 (бір мың).

Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі: Номиналдық құннан жылдық 7% (жеті пайыз).

Облигациялар шығарылымының жалпы көлемі, теңгемен: 4 500 000 000 (төрт миллиард бес жүз миллион).

Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны пайдалану (мақсаттық мәні):

Облигацияларды орналастырудан алатын таза ақша түсімі Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Банктің клиенттерін несиелендіруге бағытталады.

Облигациялар айналымы және орналастыру: Облигациялар ұйымдастырылмаған рынокта, сондай-ақ сауданы ұйымдастырушының (қор биржасының) ережесіне сәйкес ұйымдастырылған рынокта да айналымға түседі. Облигацияларды орналастыру облигациялар айналымға түскен күннен бастап бес жылдың бойында жүзеге асырылады. Облигациялар сауданы ұйымдастырушының (қор биржасының) ішкі ережесінде қарастырылған орналастырудың кез-келген әдісімен орналастырылады, және тек қана ұйымдастырылған рынокта.

Облигациялар айналымының басталу мезгілі (күні): Облигациялар айналымға олар сауданы ұйымдастырушылардың (қор биржасының) ресми тізіміне енген мезгілден (күннен) бастап түседі.

Облигацияларды орналастырудың басталу мезгілі (күні): Облигацияларды орналастыру олар айналымға түскен мезгілден (күннен) басталады.

Облигациялардың айналымға түсу мерзімі: Облигациялардың айналымға түсу мерзімі облигациялар айналымға түскен уақыттан (күннен) бастап 5 (бес) жылды құрайды.

Сыйақы төлемінің кезеңділігі: Сыйақыны төлеу облигацияның барлық айналымға түсу мерзімінің ұзақтығында алты айдан кейін (бұдан әрі «Купондық кезең») жүргізіледі, бұл ретте Купондық кезең облигациялар айналымының басталған Уақытынан (күнінен) басталады.

Сыйақыны есептеу басталатын мезгіл (күн): Бірінші Купондық кезең үшін облигациялар бойынша сыйақы облигациялар айналымы басталған уақыттан (күннен) бастап есептеледі, екінші және кезекті Купондық кезеңде сыйақы осындай Купондық кезеңнің бірінші күнінен бастап есептеледі.

Сыйақыны есептеу үшін қолданылатын уақытша база: Облигациялар бойынша сыйақы 30/360 принципі бойынша есептеледі, яғни бір айдағы отыз күн, жылына үш жүз алпыс күн есебінен.

Сыйақы мен номиналдық құн төлемінің мерзімі: Сыйақы Купондық кезеңнің соңғы күнінен кейінгі келесі 15 (он бес) жұмыс күні бойында төленеді, ол үшін сыйақы төлемі жүзеге асырылады. Номиналдық құн облигациялар айналымының соңғы күнінен кейінгі келесі 15 (он бес) жұмыс күні бойында облигациялар айналымы мерзімінің аяқталуы бойынша төленеді, бұл ретте номиналдық құны соңғы купондық сыйақы төлеумен бірге бір уақытта төленеді. Сыйақы мен номиналдық құн Тіркелімді белгілеу күні Тіркеуші жасаған Ұстаушылар тізілімінен мәліметтерге сәйкес Тіркелген ұстаушылардың банктік шотына теңгемен резиденттерге және бейрезиденттерге төленеді. Егер облигация ұстаушыда – бейрезидентте теңгемен банктік шот болмаған жағдайда, онда сыйақыны және/немесе номиналдық құнды төлеу төлем кезінде Банк белгілеген, тиісті валюталарды сату және сатып алу бағамы бойынша АҚШ доллары, евро, ресей рублі валюталарының бірімен банкілік шотқа осындай ұстаушы-бейрезиденттің жазбаша сауалы негізінде жүзеге асырылады. Бұл жағдайда сыйақыны және/немесе номиналдық құнды және/немесе өсімді теңгемен айырмашылықтағы валютада төлеу Банк Тіркелген ұстаушы-бейрезиденттің тиісті жазбаша сауалын алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні бойында жүзеге асырылады.

Тіркелген ұстаушы сыйақы мен номиналдық құнды төлеу мерзімі бұзылған жағдайда, есептелген, алайда төленбеген сыйақы мен/немесе номиналдық құн сомасынан есептелетін мерзімі асып кеткен әрбір күн үшін өсім төлеуді талап етуге құқылы. Өсім көлемі мерзімі өткен сыйақыны және/немесе номиналдық құнды нақты төлеу күні күшінде болған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесі бойынша есептеледі.

Тіркелген ұстаушылар – бұл төлем төленген Купондық кезеңнің соңғы мерзіміндегі (күніндегі) 00 сағат 00 минут жағдай бойынша Тіркеуші жасаған Ұстаушылар тізілімінде (бұдан әрі «Ұстаушылар тізімі») тіркелген тұлға.

Облигацияны өтеу жүргізілетін орын: Соңғы Купондық кезең үшін облигация мен сыйақының номиналдық құнын төлеуді Банк оның орналасқан жері бойынша жүргізеді: 050012, Алматы қ., Алмалы ауданы, Масанчи көш., 57 А үй.

Облигацияларды өтеу әдісі: Облигациялар осы шартқа сәйкес соңғы Купондық кезең үшін номиналдық құн мен сыйақыны төлеу жолымен өтеледі.

Өтеу күні: Облигациялар Шығару проспектісінде қарастырылған тәртіппен және мерзімде айналым уақыты өткен соң өтеледі.

Көздерден шегерім: Сыйақы мен номиналдық құнды төлеуді Банк Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес салықтарды, баж салықтарын немесе төлем көздерінен кез-келген

өзге де міндетті шегерімдерді (бұдан әрі «Шегерім») ұстауды жүзеге асыруға міндетті болған жағдайды қоспағанда, толық көлемде жүзеге асырады. Тиісінше Банк сыйақы мен номиналдық құнды төлеуді осындай Шегерімді ескере отырып жүргізеді.

Ұстаушылар тізілімін белгілеу мерзімі (күні): Тіркеуші жасаған облигациялар ұстаушыларының тізімін (бұдан әрі «Ұстаушылар тізілімі») белгілеу күні, төлем төленген Купондық кезеңнің соңғы күніндегі (мезгіліндегі) 00 сағат 00 минут болып табылады.

Инвесторлардың облигацияларды төлеуі: Инвесторлар облигацияларды төлеуді оларды орналастыру кезінде тек қана ақшамен жүргізуі тиіс. Облигацияларды ұйымдастырылған нарыққа (қор биржасына) орналастырған жағдайда, орналастырылатын облигацияларды төлеу тәртібі мен мерзімі сауданы ұйымдастырушының (қор биржасының) ішкі ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Облигацияларды ұстаушылардың құқығы: Облигацияларды ұстаушылар осы Проспектінің шартына сәйкес облигациялар бойынша сыйақы мен номиналдық құнды алу құқығына, сондай-ақ облигацияға меншік құқығынан шығатын қолданыстағы заңнамамен шығарылым проспектісінде қарастырылған өзге де құқықтарға ие.

Басталуы дефолт болып табылатын жағдай: Банктің кінәсінен болған кез-келген төменде тізбеленген жағдайлардың басталуы Дефолт болып саналады:

- бір немесе бірнеше Тіркелген ұстаушыларға облигациялар шығарылымының шартында көзделген мерзімде сыйақының немесе номиналдық құнның төленбеуі немесе
- бір немесе бірнеше Тіркелген ұстаушыларға облигациялар шығарылымының шартында көзделген мерзімде сыйақының және/немесе номиналдық құнның толық төленбеуі.

Проспектіде белгіленген мерзімде Банктің сыйақыны және/немесе номиналдық құнды төлемеуі немесе толық төлемеуі Дефолт болып табылмайды, егер мұндай төлемеу және/немесе толық төлемеу мыналардың нәтижесінде болса:

- Банктің сыйақы және/немесе номиналдық құнды ақшалай аударуды жүзеге асыруға мүмкіндік бермейтін Тіркелген ұстаушының банктік шоттарының деректемелерін Банктің қате немесе толық алмауы немесе
- Тіркеушінің заңнамада және олармен жасалған шартта белгіленген мерзімде Банкке Ұстаушылар тізілімін тапсырмау.

Дефолт жағдайында Банк қабылдайтын шаралар: Дефолт жағдайында Банк дефолт жағдайларының басталуына алып келетін себептерді жақын арада қалпына келтіру, сондай-ақ Дефолт жағдайларының басталуы туралы хабарлама, оның себептері, Дефолт себептерін қалпына келтіру бойынша Банк қабылдайтын шаралар, облигацияларды ұстаушылардың өкілі болып табылатын ұйымдар немесе шығарылым проспектісінде анықталған шартқа сәйкес өзге де тұлғалар бойынша шаралар қабылдайды.

Дефолт жағдайында міндеттерді қайта құрылымдау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі. Облигациялар бойынша Дефолт пайда болған жағдайда облигация ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру облигацияларды шығару проспектісінде және заңнамада анықталған тәртіппен жүзеге асырылады.

Ковенанттар: Банк облигациялардың айналымға түсуінің барлық мерзімінің бойында мынадай шарттарды сақтауға міндеттенеді:

- Банк пен сауданы ұйымдастырушы (қор биржасы) арасында жасалған листингтік шартта белгіленген жылдық және аралық қаржылық есепті тапсыру мерзімін бұзушылыққа жол бермеуге;
- Банк пен сауданы ұйымдастырушылар (қор биржасы) арасында жасалған листингтік шартта белгіленген облигация эмитентінің жылдық қаржылық есебі бойынша аудиторлық есепті тапсыру мерзімін бұзушылыққа жол бермеуге.

Кіріктіріме опциондар: Номиналдық құн мен есептелген сыйақыны Банктің бастамасы бойынша облигациялардың айналымға түскен белгіленген мерзімінің аяқталуынан бұрын төлеуді жүзеге

асыру құқығы қарастырылмаған.

Банк орналастырылған облигацияларды сатып алу: Банк орналастырылған облигацияларды сатып алу мынадай жағдайларда жүргізілуі тиіс:

- Банк облигациялар делистингі туралы шешім қабылдағанда;
- арнайы (листингтік) талаптарды, атап айтқанда қор биржасына ақпаратты, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен және қор биржасының ішкі құжаттарымен анықталған тізбені тапсыруды орындамау себебі бойынша қор биржасы Банктің облигациялар делистингі туралы шешім қабылдағанда;
- облигация ұстаушыларының бұрынғы өкілдері арқылы шарттың әрекет етуін бұзған немесе тоқтатқан күннен бастап отыз күнтізбелік күннен астам мерзімде облигация ұстаушыларының өкілдері арқылы Банкпен шарт жасамағанда.

Бұл жағдайда жоғарыда анықталған жағдайлар басталған кезде орналастырылған облигацияларды сатып алу жинақталған сыйақыны ескере отырып немесе қандай мөлшердің көп болып табылатынына қарамастан, облигацияның әділ нарықтық бағасы бойынша облигациялардың номиналдық құнының тиісті бағасы бойынша жүзеге асырылады.

Банктің ақпаратын ашу: Банк қызметі, корпоративтік оқиғалар, Дефолт фактілері және облигацияларды ұстаушылардың мүддесін қозғайтын өзге де ақпараттар туралы ақпараттарды ашу мыналарға сәйкес мерзімде және тәртіппен жүзеге асырылады:

- Банк Жарғысына;
- Ұстаушылар өкілдері арқылы шарттың шартына;
- Қор биржасының (сауданы ұйымдастырушының) ішкі ережелеріне;
- листингтік шартқа;
- осы Проспектінің шартына және
- егер облигациялар шығарылымының проспектісінде өзге ештеңе белгіленбесе, Қазақстан Республикасының заңнамасына.

Облигацияларды Ұстаушылар өкілдері туралы, оның ішінде атауы, орналасқан жері, телефон нөмірлері, облигацияларды ұстаушылар өкілдерінің қызмет көрсету туралы шартының күні мен нөмірі, сондай-ақ осындай ұстаушылар Өкілдерінің шартты бұзу туралы және ұстаушылардың өзге Өкілдерімен балама шартты жасау туралы ақпарат ұстаушылар Өкілдері арқылы тиісті шартқа қол қойған немесе бұзған күннен бастап 7 жұмыс күні бойында Банктің веб сайтында (www.alfabank.kz) қолжетімді болады.

Ұстаушылар Өкілдері туралы және андеррайтерлар туралы ақпарат, егер мұндай сауданы ұйымдастырушылар (қор биржасының) ережесімен және листингтік шартпен қарастырылса, сауданы ұйымдастырушыға (қор биржасына) ашылады.

Андеррайтингтік қызметтер көрсету, оның ішінде атауы, орналасқан жері, телефон нөмірлері туралы Банк шарт жасайтын андеррайтер және/немесе андеррайтерлар туралы ақпарат Банктің веб сайтында (www.alfabank.kz) қолжетімді болады.

Дефолт фактісі туралы ақпаратты Банк сауданы ұйымдастырушыға (қор биржасына) (облигация қор биржасында айналымға түскен жағдайда), ұстаушылар Өкілдеріне олармен жасалған шартқа және сауданы ұйымдастырушының (қор биржасының) ішкі ережесіне сәйкес ұсынылады, сондай-ақ қаржы есебінің депозитарийіне және оған орындалмаған міндеттемелер, міндеттемелерді орындамау себептері, сондай-ақ сыйақы мен номиналдық құнды төлеу бойынша өзінің міндеттемелерін орындау мақсатында Банк қабылдайтын шаралар туралы мәліметтер кіреді. Дефолт фактісі туралы ақпарат сондай-ақ заңнамада қарастырылған тәртіппен және мерзімде басқа тұлғаларға ашылады.

Банк ұсынатын ақпаратты:

- сауданы ұйымдастырушыға (қор биржасына) сауда ұйымдастырушысы (қор биржасы) www.kase.kz ғаламтор сайтында немесе басқа өзге ғаламтор сайтында, сауда ұйымдастырушысы (қор биржасы) анықтаған, олардың ішкі құжаттарына сәйкес мерзімде және тәртіппен ашады;
- қаржы есебінің Депозитариіне қаржы есебінің Депозитариі www.dfo.kz ғаламтор сайтында немесе басқа өзге ғаламтор сайтында, қаржы есебінің Депозитариі анықтаған, олардың ішкі құжаттарына сәйкес мерзімде және тәртіппен ашады;

Банк Жарғысына сәйкес баспа басылымдарында жариялануға тиісті ақпарат «Егемен Қазақстан» және «Деловая неделя» газеттерінде жарияланады. Осы шығарылым проспектісінің шартына сәйкес ақпаратты ашудан басқа Банк өзінің қарауы бойынша облигация ұстаушыларына жеке жазбаша хабарламаны қосымша жолдауы мүмкін.

Облигацияны орналастыруға қатысатын ұйымдар туралы мәлімет: Облигацияларды орналастыруды Банк өзінен, сондай-ақ Банктің орналастыруға андеррайтерді – брокерлік және лилерлік қызметтерді жүзеге асыру лицензиясына ие және эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару мен орналастыру бойынша қызметтер көрсететін бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушыны тарту қажеттілігі жағдайында жүзеге асырады.

Төлем агенті: Банк төлем агентінің функцияларын облигациялардың айналымға түскен барлық мерзімінің бойында дербес орындайды.

Басқа талаптар: Шығарылым проспектісінде реттелмеген облигациялар шығарылымы, орналастыру, айналымға түсуі және өтеу шарты Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

Облигацияны ұстаушының өкілі: Облигацияны ұстаушының өкілі «BCC Invest» АҚ шығады, тіркелген мекенжайы: 050022, Алматы қ., Шевченко к., 100 үй, тел. (727) 244 32 32, факс (727) 244 32 31, 14 тамыз 2013 жылғы шарт негізінде.

Тіркеуші: Банктің бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімін жүргізуді жүзеге асыратын Компания, «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ болып табылады («Тіркеуші»), мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан д., 141. Басқарма Төрағасы Жакупов Кайрат Тлеугазинвич. 17 қыркүйек 2012 жылғы № 00088-АҚ бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінің жүйесін жүргізу жөніндегі шарт.

Ақша қаражатының көздері мен ағынын болжау: қосымша І қараңыз

«Альфа-Банк» ЕБ АҚ

Басқарма Төрағасының міндеттерін атқарушы



М.В. Троицкий

«Альфа-Банк» ЕБ АҚ

Бас есепшісі

М.О.

Е.Ю. Черных

Қосымша 1												
Ақша қаражатының көздері мен ағынын болжау												
млн. теңге	2013 жыл		2014 жыл		2015 жыл		2016 жыл		2017 жыл		2018 жыл	
	түсім "+" / шығу "-"	I жартыжыл.	II жартыжыл.	I жартыжыл.	II жартыжыл.	I жартыжыл.	II жартыжыл.	I жартыжыл.	II жартыжыл.	I жартыжыл.	II жартыжыл.	I жартыжыл.
МБК/МБД	-991	1 500	-102	-70	-145	-90	-76	-118	-57	-147	-28	-176
Бағалы қағаздар	-954	1 900	-4 286	-6 077	-2 508	-7 578	-1 165	-9 106	403	-10 627	1 924	-12 148
Мәжбүрлі шығындарды қоспағанда, клиенттерге несиелер	-10 865	-26 025	-21 124	-24 582	-18 094	-32 042	-8 120	-39 062	-1 728	-46 192	5 402	-53 323
Негізгі қаражат пен материалдық емес активтер	-2 677	-441	-279	-860	342	-950	131	-1 094	350	-1 224	480	-1 354
Баска активтер	866	0	97	-272	53	-311	138	-341	157	-373	189	-405
Клиенттер алдындағы міндеттеме	21 597	17 968	25 136	23 950	18 820	31 379	1 912	42 209	-8 208	49 361	-12 391	62 466
Шығарылған облигациялар:	0	4 500	0	0	0	0	4 500	4 500	6 000	6 000	6 000	1 500
<i>1-ші облигациялық бағдарламаның 2-ші шығарылымы</i>	0	4 500	0	0	0	0	0	0	0	0	0	-4 500
<i>1-ші облигациялық бағдарламаның 3-ші шығарылымы</i>	0	0	0	0	0	0	4 500	0	0	0	0	0
<i>2-ші облигациялық бағдарламаның 1-ші шығарылымы</i>	0	0	0	0	0	0	0	4 500	0	0	0	0
<i>2-ші облигациялық бағдарламаның 2-ші шығарылымы</i>	0	0	0	0	0	0	0	0	6 000	0	0	0
<i>2-ші облигациялық бағдарламаның 3-ші шығарылымы</i>	0	0	0	0	0	0	0	0	0	6 000	0	0
<i>3-ші облигациялық бағдарламаның 1-ші шығарылымы</i>	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	6 000	0
<i>3-ші облигациялық бағдарламаның 2-ші шығарылымы</i>	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	6 000
Реттелген қарыз	0	0	0	0	0	6 750	0	0	0	0	-5 250	0
Баска да міндеттемелер	-11 316	0	-687	820	-269	284	-207	300	-240	314	-254	327
Жарғылық капитал өсімі	0	0	0	6 000	0	0	0	0	0	0	0	0
Кіріс/Шығыс	956	2 132	1 423	2 574	2 438	4 411	2 682	4 852	2 950	5 338	3 245	5 871
Кезеңнің басындағы ақша қаражаты	10 152	6 769	8 302	8 481	9 963	10 601	12 454	12 250	14 391	14 016	16 467	15 783
Ақша қаражатының таза(азаюы)/өсімі	-3 384	1 534	178	1 482	638	1 853	-204	2 141	-374	2 450	-683	2 759
Кезеңнің соңындағы ақша қаражаты	6 769	8 302	8 481	9 963	10 601	12 454	12 250	14 391	14 016	16 467	15 783	18 542